

2009 жылды Сырым ауданында он жеті жасқа толатын азаматтарды өскерге шақыру участеклеріне тіркеуді өткізуді ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы әкімінің 2008 жылғы 10 желтоқсандағы N 77 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы Әділет басқармасында 2009 жылғы 20 қаңтарда N 7-10-56 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 15 сәуірдегі N 77 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы әкімдігінің 15.04.2009 N 77 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Занының 33 бабын басшылыққа алып және Қазақстан Республикасының "Әскери міндептілік және әскер қызмет туралы" Занының 17 бабына сәйкес **ШЕШІМ ЕТЕМІН**:

1. "Сырым аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) Сырым ауданында 2009 жылдың қантар-наурыз айлары аралығында тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын ер жынысты азаматтардың әскери есебін тіркеуін өткізу ұсынылсын.

2. "Сырым аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорына (келісім бойынша) шақыру участексінің әскери міндептілер мен әскерге шақырылуыштардың әскери есебін тіркеу кезінде азаматтарды медициналық қуәланышырудан өткізуді дәрі-дәрмекпен, инструментармен, медициналық және шаруашылық мүлікпен қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. "Сырым аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне Сырым ауданының тіркеу пунктіне тіркеуді дайындау және өткізу кезеңіне 2009 жылғы қантардан наурызға дейін есептегі жұмыссыздар қатарынан қажеттілігіне орай техникалық және қосалқы қызметкерлер ретінде бөлсін.

4. Ауылдық округ әкімдері азаматтарды шақыру участексіне тіркеуден өткізу үшін автокөліктермен қамтамасыз етсін.

5. Аталған шараларға байланысты шығын жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен өтелсін.

6. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

7. Осы шешімнің орындауын бақылау Сырым ауданы әкімінің орынбасары Т. Турегалиевке жүктелсін.

К Е Л И С И Л Д I :

Аудандық
жөніндегі

қорғаныс
бөлімінің
К.

істер
бастығы
Маканов

Сырым
ауруханасы

аудандық
МҚҚК
А. Дүйсенгалиев

орталық
директоры

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШДЖҚ РМК